

№1 М.Әуезов атындағы жалпы орта мектебінің 2015-2016 оқу жылындағы емтихан тапсыратын оқушылармен «Емтихан барысында өзінді қалай ұстау керек?» тақырыбында жүргізілген психологиялық түсіндірме жұмысы

9-сынып оқушыларымен емтихан барысында өзінді қалай ұстаудың, қобалжудың алдын алу мақсатында оқушылармен мектеп психологтарының кабинетінде психологиялық көмектер көрсетіліп бір шама кеңестер берілді.

Емтихан тапсыруда өзара қобалжуға жол бермеу, жағдаяттан бар мүмкіндігінше шығуға дағдылану туралы ағарту жұмыстары жүргізілді. Әңгіме барысында оқушылар ашық пікірлесіп, ой бөлісе білді.





Психолог кеңесі:

Баланың әр күнді бастауы, қарсы алуы сәтті болуы керек. Ол үшін таңертең баланы оятқанда жайлы баппен ояту керек, ол сіздің күлімдеп, мейіріммен өте жақсы көріп тұрғаныңызды сезінуі керек. Егер сіз кеше ескерту жасасаңыз да, сабаққа жіберер алдында балаға: **«Байқа, бұзық болма, өзінді жақсы ұста, мен сен үшін ескерту алмайын»** деген сөздерден аулақ болыңыз.

- Балаға мектепке барар алдында сенімділік пен сәттілік керек.
- Бала мектептен келгенде, бірден сұрақтар қойып қарсы алмау керек.
Егер бала бірдеңе айтқысы келсе, қарсы болмай тыңдау керек.
- Егер бала ренжіп отырса, онда себебін өзі айтқанша асықпаңыз.
- Балаңызға қатты дауыспен сөйлемеңіз, баланың жүйке клеткасында тежелу пайда болады.